


Иманбетов А.Н.^a , Саликов Н.К., Қожамжаров Е.Ж., Омаров О.С., Сериков Т.Ш.

Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ МАМАҢДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫ

Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы, Саликов Нұрсұлтан Камелұлы, Қожамжаров Ержан Жүрсінұлы, Омаров Онғарсын Салсерұлы, Сериков Төлеген Шалатайұлы

Болашақ денешынықтыру мамандарының кәсіби даярлығы

Аңдатпа. Мақалада мектептегі бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ролі туралы баяндалады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына дене шынықтыру сабақтарында қызықты және оңай орындалатын тапсырмалар арқылы оқушылардың қажетті дағдысын қалыптастырудың түрлі тәсілдері беріледі. Оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына жылдам үйренуі, жаңа оқыту әрекетін игеруі және оқу жаттығуларының оқыту үрдісінде маңызды рольге ие екендігі мен оқу әдістемелері айтылады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының күнделікті өмірде аз қозғалуы немесе оқу-жаттығу процесіндегі шамадан тыс жүктеменің берілуі, шамадан тыс тағам қабылдау, жағымсыз экологиялық жағдайлар, отбасында салауатты өмір салтына неміқұрайдылықпен мән бермеу сияқты теріс факторлардың болуын жою туралы алған білімдері мен іскерлік дағдыларын тәрбиелеу туралы ой толғаулар айтылады. Оқушының дене шынықтыру сабағына деген ынтасын, құштарлығын арттыру үшін әртүрлі оқыту әдістемелерін қолдана білуі қажет екендігін барынша түсіндіруге талпыныс жасалады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың денсаулық мәдениетіне үлкен мән беріп, әртүрлі қызықты да әсерлі әдістемелерді қолданудың мазмұны туралы ойлар ортаға салынады.

Түйін сөздер: денсаулық мәдениеті, бастауыш оқыту, дене шынықтыру, практикалық дағдылар.

Imanbetov Amanbek Nurkasimovich, Salikov Nursultan Kamelovich, Kozhamzharov Erzhan Zhursinovich, Omarov Ongarsyn Salserovich, Serikov Tolegen Shalataevich.

Professional training of future specialists of physical culture

Abstract. The article examines the issues of professional training of physical culture specialists in higher educational institutions of the country. Topical issues of the modern education system will also be touched upon – improving the quality of vocational training, developing a scientific and methodological system for providing vocational education and considering modern forms of organizing the educational process, differentiating innovations in the education system, developing new ways to improve education. The issues of the analysis of pedagogical research in the professional training of physical culture specialists and the integrity of the education system, the theory of learning and reflections on the upbringing and preparation of the individual for independent life are also discussed. An attempt is made to explain as much as possible the features of the profession, the legal status of physical education specialists, that in order to improve the quality of specialist training, it is necessary to be able to apply various teaching methods that will be in demand in modern conditions. The issues of training future physical education teachers as managerial, competent, proficient in theory and teaching methods, possessing a high level of professional and pedagogical competence are discussed.

Key words: Physical culture, specialist, sport, teacher, education, professional training, upbringing, pedagogical problem, health, student.

Иманбетов Аманбек Нурқасимович, Саликов Нұрсұлтан Камелович, Қожамжаров Ержан Жүрсинович, Омаров Онғарсын Салсерович, Сериков Төлеген Шалатайевич

Профессиональная подготовка будущих специалистов физической культуры

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы профессиональной подготовки специалистов физической культуры в высших учебных заведениях страны. Также затрагиваются актуальные проблемы современной системы образования, как улучшение качества профессиональной подготовки, разработка научно-методической системы обеспечения профессионального образования, и рассматриваются современные формы организации учебного процесса, дифференциация инноваций в системе образования, выработка новых путей совершенствования образования. Проводится анализ педагогических исследований в профессиональной подготовке специалистов физической культуры и целостности системы образования, теории обучения и размышлений о воспитании и подготовке личности к самостоятельной жизни. Делается попытка максимально объяснить особенности профессии, правовой статус специалистов физической культуры, необходимость для повышения качества подготовки специалиста уметь применять различные методики обучения, которые будут востребованы в современных условиях.

Обсуждаются вопросы подготовки будущих учителей физической культуры как управленческих, грамотных, владеющих теорией и методикой обучения, а также высокому уровню профессионально-педагогической компетентности.

Ключевые слова: физическая культура, специалист, спорт, педагог, образование, профессиональная подготовка, воспитание, педагогическая проблема, здоровье, ученик.

Тақырыптың көкейкестілігі: Елімізде қазіргі таңда қалыптасқан еңбек нарығы жоғары білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен біліктілігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби даярлығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз әсерін тигізуде.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлауда білім мен ғылым саласындағы болып жатқан өзгерістер мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Дене шынықтыру мен спорт саласында мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні білім саласындағы өзекті мәселе – жауапкершілігі мол, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, кәсіби ілімімен қаруланған, адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандарды даярлау болып табылады.

Зерттеу нысаны. Денешынықтыру мамандарын даярлау үрдісі.

Зерттеу пәні – болашақ денешынықтыру мамандарын кәсіби дайындығын қалыптастыру.

Зерттеу мәселесі болашақ денешынықтыру мамандарының кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымын жасауында.

Жұмыс мақсаты – болашақ денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлау үрдісінің тиімділігін анықтау;

– болашақ денешынықтыру мамандары бағдарламалары біліктіліктерін саралап, жүйелеу.

ҚР «Білім беру туралы» Заңында болашақ мамандардың кәсіби даярлығының мазмұнына ерекше көңіл бөлінеді, мұнда білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінен басқа оның басымдылық міндеттері, оның ішінде: «оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге қосылу; еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар мен жұмысшылар даярлау, оларды қайта даярлау мен біліктіліктерін жоғарылату» сынды талаптар қоюда [1].

Қазіргі білім саясатының көкейкесті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін жаңарту, оқытудың әдіс-

тері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жаңаша жетілдіру.

Негізгі бөлім. Қазір білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұру кезеңі. Еліміздің дамыған елдердің озық білім беру стандарттарына ұмтылысы білім беру жүйесінің сапалық деңгейін арттыруда. Осыған орай, қазіргі білім беру жүйесіндегі реформалар, оның арасында білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында, барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған.

Болашақ денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлаудың біртұтас жүйесі, білім алушыларда танымдық және кәсіби мәселелерді шешу үдерісінің тұтас көрінісін жасау үшін оның ғылыми мазмұнын қолдану қажеттілігі мен іскерлігін тәрбиелеуге бағытталған. Осыдан, оқу пәндерінің әр түрлі топтарының нақты пәнаралық функциялары пайда болады.

Біздің пікірімізше, болашақ денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлаудың үдерісі тиімді болады, егер:

– оқу-ақпараттық ортаны ұйымдастырудың арнайы дидактикалық принциптерін ескере отырып, студенттерді оқытудың барлық кезеңінде пәндерді оқыту үздіксіз және біркелкі сипатта болса;

– педагогикалық технологиялар білім беру үрдісінде өзара байланысты үш компоненттің жиынтығы ретінде кешенді қолданылса: оқыту нысандары, пәндерді меңгеру құралдары және жаңа білім беру технологиялары;

– оқу үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялар элементтері дәстүрлі технологиялармен тиімді үйлесіп, қолдау тапса.

Демек, болашақ денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлауда, сабақтастық оқытудың әрбір сатысында білім алушылардың жаңа оқу материалын түсіндіру түрлеріне, білімдері мен біліктеріне, әдістері мен тәсілдеріне және оны бекітуге бағытталған барлық жұмыстарға қойылатын талаптарды сипаттайды.

Болашақ денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлау үрдісінде, сабақтастық принципінің

талаптарын қарастырмайынша, бұл үрдістің тиімділігі артпайды, себебі олар кәсіби даярлау үрдісінің стратегиясы мен тактикасын айқындайтын құрамдас бөлігі болып табылады.

Сондықтан да, денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлауда, сабақтастық принципінің талаптарына мыналарды жатқызған жөн:

- үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде жан-жақты, әрі үйлесімді тұлғаны дамытуды қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үрдісінің бағыттарын бөлу;

- оқушылардың жеке басының оң қасиеттерін анықтау мен оларды одан әрі дамытуға мүмкіндік туғызу;

- білім алушылардың білімді, дағдылар мен қасиеттерін қалыптастыру құралдары мен формаларын, әдістерін тиімді үйлестіру және оңтайлы таңдау;

- педагогикалық әрекеттің бірлігін сақтау;

- оқу және өндірістік қызмет үрдісінде меңгерген білімді үздіксіз дамыту мен қолдану үшін жағдай жасау;

- оқыту үрдісінде білім алушылардың саналы және субъективтік рөлін кезең-кезеңмен дамыту;

- болашақ маманның кәсіби және тұлғалық қасиеттерінің өзгеру динамикасы мен ұйымдастыру деңгейін көрсететін деректер жинақтау [2].

Жоғарыда берілген талаптар тізбесі өзара байланысты педагогикалық құбылыстардың сипатына қарай өзгеруі мүмкін.

Біз жасаған педагогикалық зерттеулердің талдауы көрсеткендей, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастық мәселесі және оны жүзеге асыру арқылы денешынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесінде, ғалымдар негізінен зерделеу кезінде мынадай білім беру мәселелерін қарастырған, яғни ол білім беру жүйесінің тұтастығы, оқыту теориясы және тұлғаны тәрбиелеу мен өзіндік өмірге дайындау.

Оқу-танымдық қызметті ұйымдастыруға осындай тәсілде педагогикалық цикл пәндерін оқытудағы үздіксіздік, сабақтастық, материалды қайталаудың жеткіліктілігі және болмауы, арнайы, кәсіби даярлықтың интеграциясы қамтамасыз етіледі, бұл білім беру ортасының белгілі бір дүниетанымын қалыптастыруға және пәнді меңгеруге, яғни материалмен мақсатты жұмыс істей алуға мүмкіндік береді.

Яғни, кәсіби даярлау – бұл оқушы мен педагогтың кәсіп бойынша ғылыми-педагогикалық ілімді игеру мен кәсіптік білік, дағды қалыптастыруда бірлескен іс-әрекеті.

Төменде болашақ денешынықтыру мұғалімінің кәсіби даярлығының құрылымы берілді (1-сурет).



1-сурет – Болашақ денешынықтыру мұғалімінің кәсіби даярлығының құрылымы

Бұл құрылымның берілген компоненттерінің мазмұндық сипаттамасын төмендегідей анықтадық:

1. Білімділік – жеке тұлғалардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының жиынтығы.

2. Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы.

3. Тұлғалық – жеке адамның өзіндік *адамгершілік*, әлеуметтік, *психологиялық* қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың қауіпсіздігінің негізгі кепілі – сапалы білім, яғни қоғамның экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуының стратегиялық бағдары да – білім.

Қазіргі таңда оқу барысында қолданылып жүрген жаңа технология – ұстаздардың педагогикалық білімдерін дамыту мен оқу үрдісін тиімді басқаруды, мұғалімнің кәсіби қызметін жаңарту мен инновациялық жетілуін қамтамасыз етумен қатар, оқушыларға сапалы білім алуға, толыққанды және жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Мұғалім мен оқушы жеке де, бірлесіп те шығармашылық жұмыс жасап, жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық, ізденімпаздық, зерттеушілік қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

Ал мектептегі денешынықтыру сабағы оқушылардың денсаулығын дұрыс қалыптастыру мен салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейді. Сондай-ақ, денсаулықты нығайту, шынықтыру, ағзаның дұрыс жетілуіне әсер ету, қимыл дағдыларын қалыптастыру, төзімділікке, ептілікке, табандылыққа үйретуде ұстаздың жаңа технология әдіс-тәсілдерін шеберлікпен, жауапкершілікпен қолдануын талап етеді әрі әр сабақта жаңа технологияны тиімді, ұтымды пайдалану келешек ұрпақтың дене тәрбиесін лайықты қамтамасыз ету үшін керек. Сонымен қатар қазір барлық білім беру орындары оқушылардың, жасөспірімдердің, жастардың денсаулықтарын нығайтуды әрі дене дайындығы тұрғысынан жан-жақты жетілуін және белсенді өмір ұстанымдарын дамытуды көздейді.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектептердің оқу бағдарламаларын құрастырудың бағыты өзгергені мәлім. Жалпы дене тәрбиесінің шығармашылықпен көрініс табуына көңіл бөлетін, инновациялық технологияны меңгерген, өзіне де, өзгеге де сын көзбен

қарайтын, ізденімпаз, шығармашыл, дене тәрбиесі міндеттерін белсенді жүзеге асыратын, дене мәдениетін сауатты меңгерген маман даярлау маңызды болып саналады.

Қазіргі педагогика ғылымындағы міндеттердің бірі – дене тәрбиесін жаңа инновациялық технология мен үздік тәжірибені ұлттық құндылықтармен байланыстырып, зерттеу болып табылады, яғни дене тәрбиесін заман талабына сай сәйкестендіру. Бұл тұлғаны дене мәдениеті мен адамгершілік қасиеті жоғары субъект ретінде таныту әрі адамның жеке тұлға ретінде оның жеке басына, мінез-құлқына, болмысына, өмір сүру салтына, мақсаттарына өзгеріс енгізу. Сонымен қатар дене мәдениеті мен рухани ұлттық құндылықтардың пайда болуы, шығу тегі, мәні, маңызы туралы зерттеу.

Сондай-ақ, қазіргі таңда жалпы білім беру саласындағы негізгі әрі басты міндет – бәсекеге қабілетті сапалы білім беру, білім жүйесі дамыған алдыңғы қатардағы елдердің деңгейімен теңесу. Дамыған елу елдің қатарына кіру үшін де бәсекеге қабілетті білім болу керек екені айдан анық. Білім беру ордаларының негізгі мақсат, міндеттері осы принципке орай ұйымдастырылады.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын білім стандартына сай жетілдіру, яғни білікті, білімді, қабілетті маман даярлау маңызды болып отыр. Сонда ғана білім беру саласында, оның ішінде, жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі бойынша мамандарға сұраныс артады деген сенімдеміз және бұл міндеттерді жүзеге асыру тікелей дене тәрбиесі жүйесіне байланысты.

Педагогикалық жұмыстардың бірі дене тәрбиесін жүзеге асыру, яғни білім беру, тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, денсаулығын нығайту болып табылады. Сондықтан келешек ұрпағымыздың денсаулығы, салауатты өмір сүру салты мектеп мұғалімінің жоғары оқу орнында алған теориялық және тәжірибелік дайындығының деңгейіне байланысты. Болашақ маман даярлауда кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін дамыту жұмыстарын ұйымдастыруды ұсынамыз.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітірушінің қасиетін жасау қажеттігі жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі жүріп жатқан модернизациялау үдерістерінен және оларға деген жоғары мектеп сұраныстарынан туындап отыр.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жоғары оқу орындарында маман даярлаудың көпсатылы

құрылымына көшу болып табылады. Қазір білім беру жүйесін бәсекеге қабілетті ету үшін оны халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру керек, жоғары кәсіби білім берудің көпдеңгейлі құрылымы шеңберінде дене мәдениеті мамандығы бойынша біліктілігі жоғары мамандар дайындаудың барлық деңгейлері, формалары мен бағыттары заман талабына сай жүргізу керек.

Өз кәсібінің ерекшеліктерін, құқықтық мәртебесін қазіргі заман талабына сай басқара білетін жоғары оқу орнын бітіретін әрбір түлек өзінің алған мамандығы бойынша сұранысқа ие болатынын білу керек. Сондықтан бүгінгі күні барлық мамандықтар үшін жоғары білім деңгейі моделі қайта жасалуда, яғни базалық (негізгі) білім және арнаулы (тереңдетілген) білім, себебі жоғары оқу орнының түлегі қазіргі білім беру жүйесінің талабына сай – зерттеуші (ғалым), басқарушы (менеджер), практик (технолог) болуы тиіс.

Сондай-ақ, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың сапасын жоғары оқу орындары сұранысқа сай болу керек екенін ескерулері тиіс. Бүгінгі таңда қоғамның білім деңгейі мен әлеуеті ұлттық байлықты құрайтын маңызды сипатқа ие болып отыр, ал адамның білімділігі, кәсіби біліктілігі, шығармашылыққа талпынысы және кәсіби даярлығын жетілдіруге бейімділігі еліміздің дамуына, тұрақтылығына және қауіпсіздігіне негіз бола алады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың арқауы ретінде жоғары оқу орындарында болашақ кәсіби мамандардың даярлығына байланысты болғандықтан, алдымен, «Денешынықтыру және спорт» мамандығының университетте қалай даярланатынына көңіл бөлуді ұйғардық. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сәйкес даярлануда.

Сондай-ақ, біздің зерттеуіміз болашақ дене шынықтыру маманын даярлауға байланысты болғандықтан жоғары оқу орнында болашақ кәсіби мамандарды даярлаудың оқу бағдарламасын да ұсынамыз. 6В01403 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының мақсаты салауатты өмір салтын іске асыруда дене шынықтыру және спорт құралдарын пайдалана алатын дене шынықтыру және спорт саласында практикалық дағдылар және теориялық білімдерімен қаруланған, ғылыми-педагогикалық міндеттерді, мәселелерді оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы шеше алатын бәсекеге қабілетті ма-

манды даярлау. Университетте болашақ кәсіби спорт мамандары 6В01403 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алып, өздерінің спорттық және педагогикалық дағдыларын шыңдап жетілдіреді.

Елімізде болашақ мамандарды кәсіби даярлау барысында ЖОО-ның алдына қойған мақсаты – кәсіби құзіретті, ұйымдастырушылық-басқарушылыққа қабілетті, сауатты мамандарды даярлау, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген, кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу. Осы жерде Ж. Аймауытұлының «Психология» кітабында «Оқыған азаматтың қызметке тұрақсыздығы құр даурық боямалығы, берік жол тұтына алмайтындығы – осының бәрі шын әлеумет маман болуға шынықпағандығының көрінісі», деп пайымдауы жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда болашақ маманның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әрбір студенттің сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынаста өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуді көздейді [3].

Ал В.А. Сухомлинский: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамды тану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу», деп ұстаздық мамандыққа ерекше көңіл бөледі [4].

Демек, болашақ денешынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін арттыруда олардың болашақта балалармен жұмыс жасай білу қабілеттілігін кәсіби шыңдау аса маңызды.

Мамандардың кәсібилігін арттыру жолдарын іздеумен шектелмей, ресейлік ғалымдар О.А. Абдулина, Н.В. Кузьмина [5], мұғалімнің қабілетін оның кәсіпқойлығының маңызды компоненті ретінде қарастырады және мұғалім тұлғасының, оның дайындығының мінсіз моделін жасайды. Сонымен қатар, болашақ педагогты кәсіби қызметке даярлаудың әртүрлі аспектілерін ашатын, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруға дайындық аспектілерін және жанама түріне қатысты зерттеулер жүргізіледі.

Мысалы, Л.Г. Семушинаның жұмыстарында педагог-тәрбиешінің негізгі функциялары қарастырылады [6], Л.В. Поздняк – тәрбиелеуді ұйымдастырушы қызметінің компоненттері мен функцияларының құрылымы тұтас педагогикалық үдерісті табысты жүзеге асыру үшін қажетті арнайы кәсіби педагогикалық іскерліктер талданады [7].

П.И. Пидкасистыйдың [8] пікірінше, болашақ педагогтарды педагогикалық қызметке даярлаудың тиімділігі көп жағдайда педагогикалық ғылымда педагог пен оқушылардың, оқушылардың өзара, оқушылардың оқылатын материалмен өзара іс-қимылының тәсілі, сипаты ретінде түсіндірілетін ЖОО-да оқытуды ұйымдастыру формаларын таңдаумен анықталады. Оқытудың дәстүрлі түрлері (дәріс, семинар, практикалық және зертханалық сабақ) студенттің өзгеруінің шектеулі мүмкіндіктері бар, өйткені ол білім алушы (өзара әрекеттесу объектісі) позициясында болады. Сондықтан біздің модельде оларды оқытудың дәстүрлі емес формаларымен (проблемалық сипаттағы дәріс, дәріс-диалог, дәріс-пресс-конференция, эвристикалық әңгіме, семинар-ойын, педагогикалық жағдайларды шешумен дәріс және т.б.) ұштастыра отырып пайдалану болжанады.

Бізде өз еңбектерімізде мектептегі дене тәрбиесі мәселелерін қарастырып өз еңбегіміздің арқауы болған болатын [9].

Сонымен қатар басқа да отандық ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдау нәтижесінде, біздің пікірімізше, мұғалімнің кәсіптік даярлығы кәсіби дамуының үрдісі, оның нәтижесінде әртүрлі сипаттамалардың көп жақты жүйесі құрылады, яғни білімдік, іскерлік, дағдылық, қабілеттер, құндылық бағдар, тұлғалық белгілер және сапалар, сөйтіп орта білім беру аясында педагогикалық әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Яғни, кәсіби даярлау – бұл оқушы мен педагогтың кәсіп бойынша ғылыми-педагогикалық ілімді игеру мен кәсіптік білік, дағды қалыптастыруда бірлескен іс-әрекеті.

Сондай-ақ, денешынықтыру мұғалімі өзінің мазмұндық және процессуалдық дайындық деңгейлерін заманауи инновациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады. Болашақ мұғалімнің мазмұндық тұрғыдан дайындық деңгейіне қойылатын талаптар оның жүйеленген пәндік әдістемелік, әдіснамалық деңгейі, ал процессуалдық компоненті педагогикалық қызметтің коммуникативтік және ұйымдастырушылық бағыттарын қамтитын дидактикалық әдіс-тәсілдері. Қорыта айтқанда, педагогикалық құзыреттілік спорттық педагогтың көпаспектілі әрекеттері кезінде нақты мақсатталған, нәтижелі шешімдер қабылдауына өз септігін тигізеді [10].

Бүгінгі күннің талабы – білім беруді жаңғырту, яғни болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында иннова-

циялық технологияларды оқу үрдісінде жүйелі қолдану. Мақсатқа жету үшін болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін теориялық әрі тәжірибелік тұрғыда жетілдіру керек. Білім беру орындарындағы мамандардың біліктілігін жетілдіру мақсатында қайта оқыту, жоғарыда айтылған жаңа технологиялық тәсілдерді қолдана отырып оқуға қолжетімділікті арттыру және білім беруді жаңғырту керек. Қазір білім беру жүйесін жаңғырту үш бағытта жүзеге асып жатқанын білеміз. Олар:

Білім беру ұйымдарын оңтайландыру, оқыту барысында инновациялық технологиялар мен заманауи әдістемелерді енгізу.

Педагог мамандардың білім сапасын арттырудың маңыздылығы және оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту, педагогикалық білімі бар мамандардың біліктілігін арттыруға байланысты талаптарды күшейту. Әр аймақта интеграцияланған орталықтар жұмыс істеу керек әрі педагогтар осы орталықтарда біліктіліктерін арттыру керек.

Білім берудің тиімділігі мен қолжетімділігін, біліктілікті арттырудың тәуелсіз жүйесі болу керек.

Сондықтан нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі бойынша білім мазмұнын жаңарту аясында кәсіби білікті, кәсіби жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерген әрі өз саласында шеберлігі бар, шығармашылықпен айналысатын маман даярлау қажет, яғни құзіреттіліктерді игерген болашақ маман терең білімді, кәсіби дағдыларды еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамыта алатын, дұрыс шешім қабылдай алатын жоғары дәрежедегі жеке тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қамтамасыз ету – білім беру жүйесіндегі білім мазмұнын жаңғыртудың басты ұстанымы деп айтуға болады. Сондықтан да, білім беру жүйесінің негізгі саясаты – еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау, білім алушыларды бәсекеге қабілетті болуға, өзін-өзі өзгерте білу қабілетін дамытуға, оның ішінде психологиялық-педагогикалық білімге қызығушылығын арттыру.

Қорытынды. Біздің пікірімізше, болашақ дене тәрбиесі мұғалімі дене тәрбиесі және спорт түрінің теориясы мен әдістемесін меңгерген, педагогикалық қызметке бейімді, таңдаған мамандық түріне қызығушылығы, кәсіби құзыреттілігі бар, оқытудың, тәрбиелеудің жаңа технологиялары бойынша арнайы білімді игерген және өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіруге

ынтасы болуы керек, яғни өз ісінің майталман шебері болуы деген сөз. Ал педагогикалық шеберлік дегеніміз – балаларды оқыту мен тәрбиелеу ба-рысында үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыру, яғни өз пәнін терең меңгерген, балалар психологиясына

қанық, әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген маман. Кәсіби қызметіне шығармашылық тұрғыда қарау және әр жаттығудың мазмұны мен міндетіне сай қолданылатын нақты технологияны таңдау дене тәрбиесі маманы үшін маңызды деп есептейміз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 қабылданған // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 22.11.2018.
- 2 Fejzuldaeva S., Ybyraimzhanov K., Ishanov P. et al. Vocational training of future elementary school teacher by means realization of inter-subject continuity мақаланың тақырыбы // *Opсion*, Ano. – 2018. – Vol. 34, №85-2. – P. 479-516.
- 3 Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. – М., 1979. – 160 с.
- 4 Шамов Т.Н. Проблемность – стимул познавательной активности // *Народное образование*. – 1966. – №4. – С. 32-37.
- 5 Абдулина О.А. Проблема педагогических умений в теории и практике высшего педагогического образования // *Сов. педагогика*. – 1976. – №1. – С. 11-12.
- 6 Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. – Л., 1967. – 183 с.
- 7 Семушина Л.Г. Исследование профессиональных функций воспитателя ДДУ: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – М., 1979. – 188 с.
- 8 Пидкасистый П.И. Педагогика: учеб. пос. – Изд. 2-е. – М.: Издательство Юрайт, 2011. – 502 с.
- 9 Иманбетов А.Н., Назарова А.М., Абишев Ж.Б. Мектептегі дене тәрбиесінің кейбір мәселелері. Қарағанды университетінің хабаршысы. – Педагогика сериясы. – 2009. – №2(54). – Б. 177-180.
- 10 Жұмашева С.С. Спорттық педагогтың кәсіби күзиреттілігін дамытуда шетел тәжірибесін пайдалану мүмдіктері // *Білім-Образование*. – 2010. – №2(51). – Б. 27-31.

References

- 1 Қазақстан Respublikasynuң Заңу. Bilim turaly: 2007 zhyldyң 27 shildesi, №319 қабылданғаң // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 22.11.2018.
- 2 Fejzuldaeva S., Ybyraimzhanov K., Ishanov P. et al. Vocational training of future elementary school teacher by means realization of inter-subject continuity мақаланың тақырыбы // *Opсion*, Ano. – 2018. – Vol. 34, №85-2. – R. 479-516.
- 3 SHCHukina G.I. Aktivizaciya poznavatel'noj deyatel'nosti uchashchihsya v uchebnom processe. – M., 1979. – 160 s.
- 4 SHamov T.N. Problemnost' – stimул poznavatel'noj aktivnosti // *Narodnoe obrazovanie*. – 1966. – №4. – S. 32-37.
- 5 Abdulina O.A. Problema pedagogicheskikh umenij v teorii i praktike vysshego pedagogicheskogo obrazovaniya // *Sov. pedagogika*. – 1976. – №1. – S. 11-12.
- 6 Kuz'mina N.V. Ocherki psihologii truda uchitelya. Psihologicheskaya struktura deyatel'nosti uchitelya i formirovanie ego lichnosti. – L., 1967. – 183 s.
- 7 Semushina L.G. Issledovanie professional'nyh funkcij vospitatelya DDU: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – M., 1979. – 188 s.
- 8 Pidkasytyj P.I. Pedagogika: ucheb. pos. – Izd. 2-e. – M.: Izdatel'stvo YUrajt, 2011. – 502 s.
- 9 Imanbetov A.N., Nazarova A.M., Abishev ZH.B. Mekteptegi дене tәrbiesiniң kejbir мәseleleri. Қарағанды universitetiniң habarshysy. – Pedagogika seriyasy. – 2009. - №2(54). - B. 177-180.
- 10 ZHұmashева S.S. Sporttyқ pedagogtin kәsibi күzirettiligin damytuda shetel tәzhiribesin pajdalanu mymindikteri // *Bilim-Obrazovanie*. – 2010. – №2(51). – B. 27-31.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы, – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті; Қарағанды қ., Қазақстан. e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</p>	<p>Иманбетов Аманбек Нурқасимович - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Қарағандинского университета имени Е.А.Букетова, г. Қарағанда, Қазақстан e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</p>	<p>Imanbetov Amanbek Nurkasimovich – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda University named after E.A. Buketov; Karaganda, Kazakhstan. e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0306-5734</p>